2023-2024 оқу жылы. 2023 жылғы қыркүйек айы,

Хаттама №1

"Кенашуа ауылы ЖОББМ" КММ

Қамқоршылық кеңес мүшелері барлық қатысты.

Күн тәртібі:

1. Жаңа 2023-2024 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын қарастырып, бекіту;
2. Мектепте "Жаппай білім беру қорынан" көмек алатын оқушыларына қосымша қажетті жәрдем беруді қарастыру;
3. Мектеп шатырына жөндеу жұмыстарды ұйымдастыру;
4. Әр түрлі сұрақтар;

Отырыс барысы.

(1) Алғашқы сөзді қамқоршылық кеңес төрағасы Садвакасов С.Қ. алып биылға жаңа оқу жылында жұмысымызды жалғастырып, қолдан келгенше мектепке көмек көрсетілерді. Атап айтсақ, ең алдымен біз көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсетуге, олардың тегін тамақтануына, оқу құралдары, киім-кешек жағынан жәрдем береміз; қажет кезінде мектеп оқушыларын ауданның немесе

облыстық сайыс-байқауларға апаруға
көлікпен көмектесеміз.
мектептің безендірілуіне стенд, банер
деген сияқты көрнекіліктермен;
оқушылардың спортпен шұғылдануына,
денсаулықтарын нығайту барысын-
да спорттық заттармен көмекте-
сіп; қыс мезгілінде жылу қазан-
дықтарына, қар тазалау, көмір
үйю деген сияқты әдеттегі іс-ша-
ралар жоспарға енгізілген;
ең басты мәселе 2022-2023 оқу жылын-
да мектепке күрделі жөндеу жұмыста-
рын атқару мақсатымен жасалған
ПСД /проектно-сметная документацияна
іске асыру, енді 2023-2024 оқу жылында
міндетті түрде орындауына басшылық
ету;

(2) Қамқоршылық кеңес мүшесі, хатшы,
ауыл әкімшілігінің бас маманы
Нурмагамбетова М.М мектепте жыл
сайын ауыл әкімі Бермаганбетов С.Ж.
бекітуімен „Жаппай білім беру қоры-
нан" 6 түрлі статустарына сәйкес
көпбалалы немесе тұрмыс жағдайы
төмен, денсаулығына байланысты 1-11-

сыныптар аралығынан 33 білімалу-
шылар анықталып, жыл бойы те-
гін тамақтанып, оқу жылының
басында бір реттік көмек алды;
Мектепте жалпы оқушы саны 78,
оның ішінде 1-4-сынып оқушы-
лары тегін тамақтанады, ал қал-
ған оқушыларға буфеттік тамақ-
тану ұйымдастырылған. Сонымен,
мектеп басшылығының баяндауы
бойынша биылғы жылы оқушы-
лар 100% тамақтанады. Қамқор-
шылық кеңес мүшесі ретінде мы-
надай ұсыныс – Кенащы ауылында
қазіргі кезеңде жер жыртып,
егін салып, өнім алып отырған
„Агросфера KZ" ЖШС басшысы
Төлебай Абайұлы Иргибаевқа хат ұсы-
нып мектеп оқушыларының
тамақтануына ұнмен көрсетіп
көмек ұйымдастыруға өтініш...
(жиналға кеңес мүшелері барлығы
қолдап, дауыс беріп, 100% келісті)

③

Кеңес отырысына қатысқан мек-
теп директоры Садуова Г.С. қа- г
зіргі ғимарат проблемаларын
айтып, шатырдың бірнеше жері- и
нен жаңбырлы күні су ағып, тез
уақытқа жөндеу жұмыстарының а
қажеттілігіне тоқталды;
Қамқоршылық кеңес мүшелері:
„біз міндетті түрде көмек көр-
сетуге дайынбыз" және барлығы
дауыс беріп жөндеу жұмыста- г
рына қатысатынын айтты.

Кеңес шешімі.

1 Жаңа 2023-2024 оқу жылында мектеп
өміріне жан-жақты қатысып, әр
кезде көмек көрсету;

2 Оқушылардың тегін тамақтануына жағдай
жасау;

3 Мектеп ғимаратының шатырын жабуға
көмектесу;

4 жылу қазандықтарын қыс мезгіліне дайын-
дауына көмек көрсету;

Төрағасы: [signature]
Хатшы: [signature]